

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 465 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 15774 болып тіркелді.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құжаттау және бақылау департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев

2017 жылғы 11 қыркүйек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 17 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ Қ. Бозымбаев

2017 жылғы 18 тамыз

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 12 шілдедегі
№ 465 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.12.2018 № 870 (11.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 45 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10427 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 27 наурызда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы тізбеге тізбесі сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10400 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 17 наурызда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Кемелерді жеке тұлғалардың атына мемлекеттік тіркеу жеке тұлғаның тіркелген орны бойынша жүзеге асырылады.

Кемелерді заңды тұлғалардың атына мемлекеттік тіркеу заңды тұлғаның не оның филиалының немесе өкілдігінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ұсынылған өтінішті қарау мерзімі оның келіп түскен сәтінен бастап 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды, оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге құқығын уақытша беруге рұқсат немесе жазбаша дәлелді бас тарту беріледі.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беруден мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) кеме иесінің ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) кеме иесінің және (немесе) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беруге рұқсат беру үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде кеме иесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беруге рұқсат алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылатын, кеме иесіне қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу мерзімі 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды. Кеме куәлігінің телнұсқасын беру мерзімі өтініш берген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

20. Аумақтық бөлімше кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуден, сондай-ақ Кеме куәлігінің телнұсқасын беруден мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) кеме иесінің ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) кеме иесінің және (немесе) куәлікті беру үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде кеме иесі куәлікті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылатын, кеме иесіне қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

21, 22 және 23-тармақтар алып тасталсын;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. жаңа Кеме куәлігін бере отырып, кемелерді мемлекеттік қайта тіркеу өтініш берілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні мерзімінде жүзеге асырылады.

Аумақтық бөлімше кемеіні қайта мемлекеттік тіркеуден мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) кеме иесінің ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) кеме иесінің және (немесе) куәлікті беру үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде кеме иесі куәлікті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылатын, кеме иесіне қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Кемеінің ипотекасын мемлекеттік тіркеу Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кемеінің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті берумен куәландырылады.

Кемеінің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру мерзімі өтінішті берген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

Аумақтық бөлімше кемеінің ипотекасын мемлекеттік тіркеуден мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) кеме иесінің ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) кеме иесінің және (немесе) куәлікті беру үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде кеме иесі куәлікті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылатын, кеме иесіне қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

35-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақты аумақтық бөлімше кепіл берушінің өтініші (еркін түрде) негізінде береді. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақты беру мерзімі өтініш берілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.";

36-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Кеменің кепіл берушісі кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда, аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес кепіл берушінің өтініші бойынша куәліктің телнұсқасын береді. Куәліктің телнұсқасын беру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын тоқтата тұру күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне тиісті белгі енгізілген күн болып есептеледі. Кеме куәлігіне белгілер енгізу мерзімі өтініш берілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.";

58-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органы шетелдік азаматқа немесе шетелдік заңды тұлғаға кемені мәжбүрлі түрде сатқан кезде Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару мерзімі көрсетілген орган кеменің сатылғанын және сатып алушының өзіне қабылдап алғандарынан басқаларын қоспағанда, ешқандай ипотекалармен ауыртпалық салынбағанын куәландыратын құжаттарды ұсынған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

Кеменің тіркелген ипотекасы болмаған жағдайда, бұл кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару мерзімі өтініш берілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды. Аумақтық бөлімше тиісті тізілімге шығарылғаны туралы жазбаны енгізеді және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес Кемені мемлекеттік кеме тізілімінен шығару туралы анықтаманы береді.";

мынадай мазмұндағы 61-1-тармақпен толықтырылсын:

"61-1. Аумақтық бөлімше кемені тіркеуден шығарудан мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) кеме иесінің ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) кеме иесінің және (немесе) куәлікті беру үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы қағидалармен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде кеме иесі куәлікті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылатын, кеме иесіне қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Шағын көлемді кемелерді жеке тұлғалардың атына мемлекеттік тіркеу жеке тұлғаның тіркелген орны бойынша жүзеге асырылады.

Шағын көлемді кемелерді заңды тұлғалардың атына мемлекеттік тіркеу заңды тұлғаның, немесе оның филиалының немесе өкілдігінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.";

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Шағын көлемді кеме мені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) өтініші осы Қағидалардың 68-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады. Шағын көлемді кеме мені мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) мерзімі 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды. Кеме билетінің телнұсқасын беру осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш беру бойынша жүзеге асырылады. Кеме билетінің телнұсқасын беру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Аумақтық бөлімше шағын көлемді кеме мені және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуден мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) кеме иесінің ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) кеме иесінің және (немесе) кеме билетін беру үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде кеме иесі кеме билетін алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған кеме иесіне қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

77, 78 және 79-тармақтар алып тасталсын;

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Жаңа кеме билетін беріп және жана тіркеу нөмірін бере отырып, шағын көлемді кеме мені мемлекеттік қайта тіркеу мерзімі өтініш берілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

Аумақтық бөлімше шағын көлемді кеме мені және оларға құқықтарды мемлекеттік қайта тіркеуден мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) кеме иесінің ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) кеме иесінің және (немесе) кеме билетін беру үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде кеме иесі кеме билетін алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған кеме иесіне қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

85-тармақ мынадай мазмұндағы редакцияда жазылсын:

"85. Кемелерді есептен шығару осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кеме иесінің жазбаша өтініші бойынша мынадай жағдайларда жүргізіледі: кеме иесінің ауысуы (сату, сыйлау, мұраға алу), иегердің басқа тұрақты тұратын орынға көшуі.

Кеме мені мемлекеттік тіркеуден шығару мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.";

88-тармақ мынадай мазмұндағы редакцияда жазылсын:

"88. Толық техникалық тозудың салдарынан кеме мені мемлекеттік тіркеуден шығару арнайы техникалық бақылау актісі бойынша, ал кеме мені оның қирауына байланысты мемлекеттік тіркеуден шығару кезінде кеме кітабында және тіркеу карточкасында тиісті жазбалар жасалады. Мұндай жағдайларда кеме билеті жойылады және аумақтық бөлімшеде сақталады.";

мынадай мазмұндағы 88-1-тармақпен толықтырылсын:

"88-1. Кеме билетін жоғалтқан жағдайда, кеме билетін жоғалту жағдайы осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініште көрсетіледі.

Аумақтық бөлімше шағын көлемді кеме мені мемлекеттік тіркеуден шығарудан мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) кеме иесінің ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) кеме иесінің және (немесе) шағын көлемді кеме мені мемлекеттік тіркеуден шығару үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде кеме иесі шағын көлемді кеме мені мемлекеттік тіркеуден алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған кеме иесіне қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

90-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шағын көлемді кеме менің ипотекасын мемлекеттік тіркеу мерзімі өтініш берілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды және осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес шағын көлемді кеме менің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілуімен куәландырылады.";

91-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шағын көлемді кеме менің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парағы аумақтық бөлімшемен кепіл берушінің өтініші (еркін нысанда) негізінде беріледі. Шағын көлемді кеме менің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парактың беру мерзімі өтініш берген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.";

92-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"92. Кеме менің кепіл берушісі шағын көлемді кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда, аумақтық бөлімше осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес кепіл берушінің өтініші бойынша куәліктің телнұсқасын береді. Куәліктің телнұсқасын беру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.";

мынадай мазмұндағы 94-тармақпен толықтырылсын:

"94. Аумақтық бөлімше шағын көлемді кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеуден мынадай негіздемелер бойынша бас тартады:

1) кеме иесінің ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) кеме иесінің және (немесе) шағын көлемді кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидалармен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде кеме иесі шағын көлемді кеме ипотекасының куәлігін берумен байланысты арнайы құқығынан айырылған кеме иесіне қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы.";

Осы Қағидаларға 12-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. "Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 187 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12052 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 16 қазанда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларында:

7-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығына сертификаттау жүргізуге арналған өтінімі бойынша алдын ала бағалау және шешім қабылдау;"

10-тармақ алып тасталсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сертификаттаудың жалпы мерзімі өтініш берілген күннен бастап елу жұмыс күнін құрайды.";

13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Уәкілетті орган өтініш пен ұсынылған құжаттарды оны алған күнінен бастап жиырма бір жұмыс күні ішінде қарастырады.

14. Өтініш беруші осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, уәкілетті орган белгіленген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша уәждемелі бас тартады.

Өтініш бойынша ескертулер болмаған кезде уәкілетті орган өтініш берушіні оларға сәйкестікке әуеайлақ сертификатталатын сертификаттау рәсімдері, нормативтік талаптар туралы хабарлайды және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығына сертификаттау жүргізуге арналған өтінім бойынша шешім шығарады.

15. Сертификаттық тексеруді жүргізу үшін комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) құрамын уәкілетті органның басшысы немесе оны алмастырушы тұлға айқындайды.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Сертификаттық тексеру мерзімі сертификаттық тексеру жүргізуге шешім қабылданған сәттен бастап жиырма бір жұмыс күнін құрайды.";

21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Сертификатты немесе сертификат беруден бас тарту туралы шешімді ресімдеу және беру мерзімі сертификаттық тексеру актісі жасалғаннан кейін сегіз жұмыс күнін құрайды.

22. Сертификат беруден бас тарту үшін негіздемелер мыналар болып табылады:

1) өтініш берушінің сертификат алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) өтініш берушінің және (немесе) сертификат алу үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Заңның 64-бабы 1-тармағында, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12303 болып тіркелген), Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде өтініш беруші жарамдылық сертификатын алумен байланысты арнайы құқығынан айырылған өтініш берушіге қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы."

5. "Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 333 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11119 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 маусымында жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті тіркеуші орган осы Қағидаларға 9-тармақта көрсетілген барлық қажетті құжаттар бар өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күні мерзімінде қарастырады."

Тіркеуші орган құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі белгіленген жағдайда, тіркеуші орган көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қарастырудан жазбаша дәлелді бас тартады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Тіркеуші орган мынадай жағдайларда жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеуден бас тартады және бес жұмыс күні мерзімінде дәлелді бас тартуды береді:

1) өтініш беруші жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықталған;

2) өтініш берушінің және (немесе) жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде өтініш беруші жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алумен байланысты арнайы құқығынан айырылған өтініш берушіге қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы."

6. "Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 357 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11093 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 маусымда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидаларында:

87 және 88-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті берудің мерзімі кеме иесі штаттық кестесі мен кеме иесі бекіткен кемені пайдалану режимі және экипаждың жұмысы туралы бұйрықты (немесе басқа құжат) қоса бере отырып, өтінішті ұсынғаннан кейін бес жұмыс күнін құрайды.

88. Аумақтық бөлімше кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беруден мынадай негіздермелер бойынша бас тартады:

1) кеме иесі ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) кеме иесінің және (немесе) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті алу үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 18 ақпандағы № 134 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10788 болып тіркелген) Кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі."

7. "Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 457 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11528 болып

тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 шілдеде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кеме мені басқару құқығына аттестаттау қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы берген кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері адамды осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсыну мәніне тексергеннен кейін Мемлекеттік корпорацияда өтініш қабылданған сәттен бастап бір сағат ішінде өтініш берушіні емтихан тапсыруға жібереді.

Мемлекеттік корпорация қызметкері осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген кезде жергілікті атқарушы органның қызметкері осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын алғаннан кейін порталда өтінішті қабылдаған сәттен бастап бір сағат ішінде өтініш берушінің жеке кабинетіне емтихан өткізу орны мен уақыты туралы хабарламаны жібереді. Бұл ретте емтихан өтініш берушінің жеке кабинетіне хабарламаны жіберген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде өткізіледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәлікті алу үшін өтініш беруші мынадай талаптарды сақтауы тиіс:

1) теріс нәтижесі бар соңғы емтихан тапсыру күнінен бастап жеті жұмыс күнінен кем емес – емтиханды қайта тапсыру уақыт интервалын;

2) кеме жүргізуші курстарын қайталама және курстарды қайта аяқтау мерзімі он екі айдан аспау;

3) он екі ай ішінде емтихандарды үш реттен артық теріс нәтижемен тапсыру;

4) жергілікті атқарушы органда есепте тұрған шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды бітіргені туралы куәлікті (анықтаманы)* ұсынуы.

ескертпе: * "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде есепте тұрған шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды ашқан ұйымдар берген шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды бітіргені туралы куәліктер (анықтамалар)

шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды бітіргені туралы куәліктер (анықтамалар) қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін жарамды болып табылады;

5) құжаттарды тапсыру барысында он сегіз жасқа толуы.";

мынадай мазмұндағы 9-1 тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Жергілікті атқарушы орган қызметкері өтініш берушіге мынадай жағдайда шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәлікті беруден бас тартады:

1) өтініш берушімен шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәлікті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) өтініш берушінің және (немесе) шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәлікті алу үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидалардың 9-тармағымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) өтініш берушіге қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде өтініш берушінің шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәлікті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Емтихан тапсыруға жіберуден бас тартылған жағдайда онда бас тарту себептерін көрсете отырып, ұсынылған құжаттар өтініш берушіге қайтарылады. Ұсынылған құжаттарды қайтару мерзімі құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күнін құрайды.

11. Өтініш берушінің емтихан тапсыруға жіберуден бас тарту жағдайларымен келіспегені туралы түскен шағымын жергілікті атқарушы органның, Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің қарастыру мерзімі ол келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнін құрайды.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәлікті беру мерзімі емтиханды сәтті тапсырған күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.".

8. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.10.2020 № 514 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.10.2020 № 515 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 08.09.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 14.09.2020 № 197-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2020 № 527 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрлігінің
және Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің мемлекеттік
қызметтерді көрсету мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 23 қаңтардағы
№ 45 бұйрығымен бекітілген

Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын:	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану бойынша қызметі үшін мыналардың болуы			
1.	қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламенті	заңды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен куәландырылған қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиясын сипаттайтын технологиялық регламенті	
	Жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірін (орналасқан орны); шарттың нөмірін және шартқа кол қою күнін, егер өзге заңды негіздер болса;	Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін осы біліктілік талаптарын және оларға	" Жылжымайтын мүлік тіркелімі " мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесінен алу.

2.	шарт жасасылған ұйымның атауын қамтитын, мәлімденген қызметтің кіші түрлеріне сәйкес меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздердегі өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар).	сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны	Егер өзге де заңды негіздер болса, растайтын құжаттардың көшірмесі ұсынылады.
	тау-кен өндірісін пайдалану, қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), өндіру; ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу; кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу; кеніштер мен шахталарды жабу бойынша тарату жұмыстарын жүргізу үшін - инженерлік құрылғылар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процесс	Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін осы біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны	
	пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін: 1) Жарылғыш қажетті заттарды сақтайтын қоймалары бар мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт немесе лицензия; 2) ұңғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогы	Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны	
	ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу, жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу, ұңғымалар көтергішін орнату үшін; ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру үшін - тиісті технологиялық жабдықтар	Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны	
	меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде химия өндірістерін пайдалану үшін: 1) тетіктер, технологиялық желілер, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғылары, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалар, үй-жайлар және с ы й м д ы л ы қ т а р ; 2) өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық талаптарына сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхана	Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны	
3.	мыналарды: машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; 2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды; 3) метрологиялық бақылауды; 4) маркшейдерлік жұмыстарды ("химия өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне қолданылмайды); 5) технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын (тау-кен өндірісінің қызметтерінің кіші түрлеріне	осы қызметтерді құру және (немесе) жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері	

қолданылмайды) қорғауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар немесе қызметтер; б) қоршаған ортаны қорғауды;		
4. тиісті білім деңгейіне сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін - тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін - кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесінің болуы	заңды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен расталған штат кестесі және мынадай ақпаратты қамтитын жиынтық кесте: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, тиісті саладағы еңбек өтілі	

Өнеркәсіп саласындағы
қызметті жүзеге асыру үшін
біліктілік талаптарына және
оларға сәйкестікті растайтын
құжаттар тізбесіне
қосымша

Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны

1. Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану бойынша қызмет үшін:

1) Өндірістік база өтініш берілген кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуға және мыналарды қамтитын, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік база (ғимарат, үй-жайлар) туралы мәлімет:

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (орналасқан жері) _____
_____;

өзге заңды негізде болған жағдайда шарттың нөмірі мен қол қойылған күні _____
_____;

шартты жасаған ұйымның атауы _____
_____;

2) тау-кен өндірісін пайдалану, қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), өндіру; ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу; кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу; кеніштер мен шахталарды жабу жөніндегі тарату жұмыстарын жүргізу үшін:

Инженерлік құрылыстардың, машиналардың, тетіктердің, құралдардың, арнайы көліктердің, жабдықтардың, өлшеу жабдықтарының және бақыланатын технологиялық процестің болуы туралы ақпарат _____

(инженерлік құрылыстарды, машиналарды, тетіктерді, құралдарды, арнайы көліктерді және

өзге жабдықтарды көрсету);

3) пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізуге:

жарылғыш заттармен жұмыс жасауға арналған лицензияның нөмірі _____

_____;

шарттың нөмірі* _____

_____;

шарттың жасалған күні* _____

_____;

жарылғыш заттарды сақтауға лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның атауы* _____

_____;

ұңғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогының болуы туралы ақпарат _____

_____;

ескертпе:*осы тармақшаның 2), 3) және 4) абзацтарындағы мәліметтер ұйымның жарылғыш заттармен жұмыс жасауға арналған лицензиясы бар болған жағдайда толтырылмайды;

4) ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу, жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу, ұңғымалар көтергішін орнату үшін;

ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру үшін:

тиісті технологиялық жабдықтардың болуы туралы ақпарат _____

(қолда бар жабдықты көрсету);

5) химия өндірістерін пайдалану үшін:

тетіктердің, технологиялық желілердің, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғыларының, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде болуы туралы ақпарат _____

(қолда бар тетіктерді, қондырғыларды және басқа жабдықты көрсету);
өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау
бойынша аккредиттелген зертхана аттестатының нөмірі және берілген күні _____

_____;
аккредиттелген зертханамен жасалған шарттың нөмірі* _____

_____;
аккредиттелген зертханамен шарттың жасалған күні* _____

_____.
Ескертпе: *осы тармақшаның 3) және 4) жолдарындағы мәліметтер меншікті
зертханасы болмаған кезде толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрлігінің
және Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің мемлекеттік
қызметтерді көрсету мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Кемені, оның ішінде шағын
көлемді кемені және оған
құқықтарды мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
12-қосымша
Нысан

Руководителю _____

(уәкілетті органның атауы) /
(наименование уполномоченного органа)
_____ басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
(бұдан әрі – Т.А.Ә.)/фамилия, имя, отчество
(при его наличии) (далее – Ф.И.О.)
кімнен / от _____

(заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, телефоны
немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә. (болған жағдайда),
туған жылы, тіркелген орны, телефоны /

наименование юридического лица, место
нахождения, телефон или Ф.И.О. (при его наличии)
физического лица, дата рождения,
место регистрации, телефон)

**Шағын өлшемді кемеңі мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) өтініш
на государственную регистрацию (перерегистрацию) маломерного судна и прав
на него**

Тиесілі шағын өлшемді кемеңі тіркеуге (қайта тіркеу) қабылдауды сұраймын/
Прошу принять к регистрации (перерегистрации) маломерное судно и прав на него,
принадлежащее _____

Алғашқы мемлекеттік тіркеу кезінде жеке жасалған кемелер туралы мәліметтер/
Сведения для судов индивидуальной постройки при первичной
государственной регистрации _____

Занды тұлғаның атауы, орналасқан жері, телефоны немесе жеке Т.А.Ә. (болған жағдайда),

туған жылы, тіркелген орны, телефоны/ Наименование юридического лица, место
нахождения, телефон или Ф.И.О. (при его наличии) физического лица, год
рождения, место
регистрации, телефон

Жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру өмірі/Индивидуальный идентификационный номер или бизнес-идентификационный номер _____

Кемеңің типі/Тип судна _____

Кемеңің № Судна _____

Корпус материалы/Материал корпуса _____

Ұзындығы/Длина, м _____ Ені/Ширина, м _____

Борт биіктігі/Высота борта, м _____

Шөгугі/Осадка: бос/порожнем _____

толық жүкте/в полном грузу _____

Жасалған жылы мен орны/Год и место постройки _____

Кеме массасы/Масса судна (кг) _____

Жолаушылар сыйымдылығы (адам)/Пассажировместимость (чел.) _____

Жүк көтерімділігі/Грузоподъемность _____

(жүксіз)/(без груза)

Құтқару құралдары/Спасательные средства _____

Су итергіш құралдары/Водоотливные средства _____

Сигналды құралдары/Сигнальные средства _____

Зәкірлік құрылғы/Якорное устройство _____

Өртке қарсы инвентарь/Противопожарный инвентарь _____

Қозғалтқыш маркасы/Марка двигателя _____

Қуаты/Мощность _____ № _____

Жасалған жылы және орны/Год и место постройки _____

Қозғаушы/Двигатель: род _____ Саны _____

Жүзу ауданы/Район плавания _____

Кеменің тұрақ орны/Место стоянки судна _____

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға

келісім беремін / Согласен на использование сведений, составляющих охраняемую законом

тайну, содержащихся в информационных системах.

" ____ " _____ 20__ ж/г.

(қолы /подпись)

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрлігінің
және Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің мемлекеттік
қызметтерді көрсету мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 05.10.2020 № 515 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрлігінің
және Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің мемлекеттік
қызметтерді көрсету мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.10.2020 № 515 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрлігінің
және Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің мемлекеттік
қызметтерді көрсету мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 08.09.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК